

## «Құралай» балабақшасы

### Хаттамасы № 1

*Меңгеруші жанындағы*

*кеңес отырысы*

05.09.2022 жыл

Қатысуға тиіс: 9

Қатысқаны: 9

***Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:***

- 1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.***
- 2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.***
- 3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.***
- 4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.***

***Тыңдалды :***

***1 – мәселе*** бойынша балабақша меңгерушісі құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты. Және міндетті құжаттар тізбесі ҚР оқу-ағарту министирлігінің №130 бұйрығы бойынша жинақталады. Міндетті үш құжат: перспективалық жоспар, апталық циклограмма, мониторинг.

***2 – мәселе*** бойынша шаршуашылық меңгерушісі : Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Сабақ өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ән мен дене, би сабақтарына баратын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

**3 – мәселе** бойынша балабақша әдіскері Топтардағы тәрбиешілердің жұмыс жасау бағыттары нақтыланды. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

**4 – мәселе** бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі. Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, оқуға қабілеттері бақыланды. «Қарлығаш» тобының балаларының қызығушылықтары жақсы. Барлығы қалам ұстай алады. Оқу құралдарын дұрыс қолдана алады.

### **Шешімі:**

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылығы бөлімінің басшысы жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысыменен қу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.

**Кеңес төрайымы:**

  
Баймолдина К.К.

**Хатшы:**

  
Уалиева Д.Т.

